

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету
станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»
ММ**

Ұжым жиналысының хаттамасы № 9

Талдықорған қаласы

«28» қараша 2025 жыл

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Болашақ көшесі, 3 мекен жайы бойынша орналасқан ғимарат.

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) директорының орынбасарлары – Атанаев Д.С., Шоканова А.А., комплаенс офицер Жасузаков М.М., Панфилов ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері (тізім бойынша).

ТАҚЫРЫБЫ:

««Instagram» әлеуметтік желісіндегі парақшасында жарияланған Кәсіпорынның фельдшерлер мен жүргізушілердің бейнежазбасындағы өтініштерінде айтылған сұрақтарға қатысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен бекітілген Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі аясындағы кейбір ішкі құжаттардың талаптарын түсіндіру жөнінде».

ТЫНДАЛДЫ:


Кәсіпорын Директорының орынбасары Атанаев Д.С.:

«Жиналыс тақырыбына сәйкес, әлеуметтік желілерде тарап жатқан Кәсіпорын қызметкерлерінің видеожазба арқылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевқа жолданған үндеудегі жарияланған сұрақтар бойынша, Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының тапсырмасымен осы жиналыс өткізілуде. Үндеуде жолданған сұрақтар бойынша түсіндірме және басқада пікірлер қарастылырып айтылады. Қосымша сұрақтар болғандада олар тиісті тәртіппен жауап беріледі.

Үндеудегі сұрақтар мен мәселелер: еңбекақы төлеу мәселесі жөнінде, кадр бойынша мәселесі, зейнеткерлік жас, медициналық тексерулер, еңбекақы мен жұмыс уақытын есептеу, үстеме жұмыс (сверхурочная работа)».

Кәсіпорын Директорының орынбасары Шоканова А.А.:

«Еңбекақы төлеу және үстеме жұмыс бойынша келесідей түсіндірілді. Жедел медициналық жәрдем фельдшерлері мен жүргізушілерінің еңбекақысы ҚР Үкіметінің №1193 қаулысына және ҚР ДСМ №213/2020 бұйрығына сәйкес, еңбек өтілі, санаты және қарастырылған барлық үстемеақылар ескеріле отырып есептеледі. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының



талаптарына сәйкес Үстеме жұмыс деп жұмыс берушінің бастамасы бойынша, белгіленген жұмыс уақытының шегінен тыс атқарылған және алдын ала бұйрықпен рәсімделген жұмысты айтамыз. Мұндай жұмысқа тарту үшін қызметкердің келісімі қажет. Енбек кодексіне сәйкес үстеме жұмыстың өтемақы ретінде үстеме жұмыстың бір сағаты үшін тынығуға кемінде бір сағат беру есеп тәртібімен тынығу сағаты берілуі немесе ақшалай төлем жасалуы мүмкін. Демалыс күндеріндегі жұмыс үстеме болып саналмайды, егер: қызметкер бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмысқа шықса; қызметкер басқа қызметкердің ауысымын өз еркімен қабылдаса».

Кәсіпорын Директорының орынбасары Атанаев Д.С.:

«Кадр бойынша мәселесі, зейнеткерлік жас, медициналық тексерулер бойынша келесідей түсіндірілді. Дәрігерлерді орналастыру мақсатында елдің жетекші медициналық жоғары оқу орындарына (Қарағанды, Семей, С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ) ресми хаттар жолданды, алайда сәйкес келетін резиденттер болмады. Зейнет жасына шығу тәртібі мен жасы Қазақстан Республикасының жалпы заңнамасымен реттеледі, яғни Кәсіпорын құзыретіне кірмейді. Кәсіпорын қызметкерлері декреттелген халық тобына жатады. Міндетті медициналық тексерулер қызметкердің жеке қаражаты есебінен немесе тараптардың келісуі бойынша жұмыс беруші қаражаты есебінен өткізіледі. МКК-ның ішкі нормативтік құжаттарында медтексерулерді толық жұмыс беруші есебінен өтеу қарастырылмаған.»


Панфилов ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері:

«Аталып өткен сұрақтардан басқа нақты өзіміздің жұмысқа байланысты келесідей өндірістік-тұрмыстық сипаттағы мәселелер бойынша сұрақтар қойылды, олар: казіргі жұмыс атқарып жатқан фельдшерлік бригадаларға қосымша фельдшерлер, яғни 2 фельдшер қосу туралы; Панфилов ауданы бойынша қосымша бригадасын енгізу туралы; жұмыстың барысында тәуліктік ауысымын қарастыру; Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген ауылдық қосымша ақылар; санитарлық қызметкер штаттық бірлігін қарастыру.

Жоғарыда көрсетілген сұрақтар, Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген талаптарға және Кәсіпорынның ішкі жұмыс тәртіп ережелеріне сәйкес жауап беріліп, толығымен қарастырылды.»

Комплаенс офицер Жасузаков М.Ж.:

«Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Квazимемлекеттік сектор субъектісі ретінде Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын сақтау және орындау міндетті болып табылады. Антикоррупциялық комплаенс құрылымына тек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты актілер ғана емес, ұйымның әрбір қызметкері сақтауы тиіс жалпыға ортақ немесе міндетті мінез-құлық қағидалары мен нормаларын қамтитын актілер де кіреді. Оған өндірістік-тұрмыстық мәселелерді шешу тәртібі де жатады, соның ішінде осы жиналыс барысында қаралған және Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың атына





жолданған бейнеөтініште көтерілген мәселелер де бар. Сонымен қатар, Панфилов ауданының ішкі станциясының қызметкерлеріне жоғарыда көрсетілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының негізгі ережелері мен нормалары, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығы, сондай-ақ антикоррупциялық комплаенс саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін ішкі нормативтік актілердің туынды талаптары түсіндірілді. Аталған нормаларды сақтау міндетті болып табылады, өйткені олар өзге де мән-жайлармен қатар алғанда, түпкілікті алғанда Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына немесе қалыптасуына себеп болуы мүмкін. Мұндай тәуекелдердің пайда болуының алдын алу және олардың көрініс беруіне қарсы іс-қимыл жасау — антикоррупциялық комплаенстың, сондай-ақ жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл өз кезегінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі табысты дамуына ықпал етеді».

Қорытынды.

Күн тәртібіне сәйкес мәселелер, сондай-ақ өзге де мәселелер толық көлемде қаралды. Сонымен қатар, түсіндіру-профилактикалық сипаттағы осындай жиналыстарды жүйелі негізде өткізу туралы шешім қабылданды.

Қатысушылар:

Директоры орынбасары:  Атанаев Д.С.

Директоры орынбасары:  Шоканова А.А.

Комплаенс офицер  М.Жасузаков

Панфилов ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері (тізімге сәйкес).